



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ



**OTANDASTAR**  
QORY

# Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын ұсыну тәртібі



2023 жыл

## «Ата жолы» картасы

шетелдегі этникалық қазақтар үшін Қазақстанда бизнес жүргізу мақсатында көшіп келушілерге немесе талап етілген кәсіптері бар адамдарға берілетін құжат.

*2023 жылдың шілдесінен бастап өзге елде тұратын этникалық қазақтар «Ата жолы» картасын алып, Қазақстанға оңайлатылған кіру мүмкіндігін пайдалана алады.*

*«Ата жолы» картасын енгізудің мақсаты тарихи отанмен байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, Қазақстанда олардың әлеуетін іске асыру үшін елімізге кәсіпқойлар мен табысты бизнесмендерді тарту болып табылады. Карта шетелде тұратын этникалық қазақтарға азаматтығын сақтай отырып берілетін болады.*

*«Ата жолы» картасының иегерлері елге кірген кезде 10 жыл мерзімге тұруға рұқсат алады.*



*«Ата жолы» картасы бар этникалық қазақтың кандастардан айырмашылығы – ол басқа елдің азаматы бола тұра Қазақстан Республикасының азаматтарымен және кандастарымен тең құқыққа ие. «Ата жолы» картасының иегері:*

- *медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық мекемелерде әлеуметтік төлемдер мен қызмет көрсету;*
- *ҚР Еңбек кодексіне және «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына сәйкес ҚР аумағында жұмысқа орналасу;*
- *Қазақстан аумағында Кәсіпкерлік кодекске және ҚР өзге де құқықтық актілеріне сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;*
- *ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін орта білім, мемлекеттік орта арнаулы және/немесе жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін орта арнаулы және/немесе жоғары білім алу, жеке оқу орындарында ақылы білім алу;*
- *«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу;*
- *Қазақстан Республикасының азаматтығы саласындағы халықаралық шарттарға және ҚР заңнамалық құқықтық актілеріне сәйкес жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқығын пайдалана алады.*

*«Ата жолы» картасы бар адамдардың ҚР мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ және мемлекеттік қызметке кіре алмайды.*

*Бұдан басқа егер «Ата жолы» картасының иесі Қазақстан азаматтығын алған жағдайда оның картасы жарамсыз деп танылады.*

*«Ата жолы» картасының иегерлері еңбек қызметін жүзеге асыру немесе бизнес жүргізу үшін қоныстану өңірін өз бетінше таңдайды.*

# «Ата жолы» картасы келесі санаттардың біріне сәйкес ұсынылады:

---

1) «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және қойылатын талаптарды бекіту туралы»

Жарлықта көрсетілген мамандық иелеріне;



**Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесі және оларға қойылатын талаптар**

P/c N	Кәсіп	Талаптар
1	2	3
1.	Әртіс	Халықаралық наградалармен және атақтармен атап өтілген аса көрнекті музыкалық, сахналық немесе хореографиялық қабілетінің, кәсіптік шеберлігінің және жарқын шығармашылық жеке даралығының болуы
2.	Археолог	Ғылыми дәрежесінің, халықаралық сертификаттары мен ізденістерінің, ғылыми басылымдарда жарияланымдарының болуы, халықаралық конференцияларға және әлемдік маңызы бар ірі археологиялық ескерткіштердің ашылуына қатысуы
3.	Сәулетші	Сәулет және құрылыс саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, қала құрылысының бас жоспарларын әзірлеуде және айрықша ірі әрі күрделі объектілерді жобалауда тәжірибесінің болуы
4.	Балетмейстер	Аса көрнекті балет әртістерін даярлауда тәжірибесінің, халықаралық сертификаттарының және ірі театрлардағы жұмыс өтілінің болуы, әлемдік сыйныстағы спектакльдерді дайындауға қатысуы
5.	Биолог, микробиолог (бактериолог, вирусолог)	Биология, бактериология, вирусология, гендік инженерия және басқа да шектес ғылымдар саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және халықаралық маңызы бар ізденістерінің болуы
6.	Дәрігер	Медицина саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және халықаралық маңызы бар ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы, сондай-ақ мамандануына сәйкес: 1) акушерлік пен гинекология; ангиохирургия; анестезиология-реаниматология; кардиохирургия; нейрохирургия; онкология; онкогематология; оториноларингология; радиология; трансплантология; фармакология және клиникалық фармакология; жақ-бет хирургиясы саласындағы диагностика мен емдеудің; 2) фармакогенетика саласындағы фармакогеномиканың озық әдістерін меңгеруі
7.	Геолог, геофизик	Геологиялық және геофизикалық ғылымдар саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің, ядролық жарылғыстар және жер сілкіністері мониторингі саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы
8.	Дирижер	Аса көрнекті музыкалық деректерінің және халықаралық конкурстарға қатысқанын растайтын дипломдарының, әлемнің жетекші театрлары мен концерт залдарында дирижерлық еткен жұмыс тәжірибесінің болуы

9.	Инженер	Ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы, сондай-ақ экономикалық қызмет түріне сәйкес: сейсмологиялық құбылыстарды орта мерзімді, қысқа мерзімді болжау әдістерін меңгеруі; қуатты энергетикалық және жоғары температурадағы плазма қондырғыларын пайдалану; ғылым және техника, рационализация, өнертапқыштық жетістіктерін енгізу; қоршаған ортаны тазарту және оның ластануын болдырмау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды әзірлеу; ядролық реакторларды пайдалану, реакторды (жылдамдатқышты, ядролық-физикалық қондырғыны) басқару; ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар, озық бағдарламалық қамтамасыз етуді және қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтарды әзірлеу; информатика және жүйелік бағдарламалау; ғарыш қызметі саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды әзірлеу; зымжандар мен ғарыш аппараттарының, ғарыштық ұшу аппараттары мен екіпіндеткіш блоктарының бастапқы және техникалық кешендерін әзірлеу және пайдалану; телеметриялық жүйелер мен кешендер, компьютерлік өлшеу блоктары; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердің құрылысына арналған технологиялық жобалау; ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласына прогрессивті технологиялық процестерді енгізу; субстанциялар мен дәрілік нысандар өндірісі жөніндегі арнайы, осы заманғы фармацевтік жабдықтардағы фармацевтикалық бейін; дәрілік нысандар мен препараттарды биофармацевтикалық зерделеу; дәрілік субстанциялар мен фитопрепараттар өндірудің технологиялық негіздері мен әдістерін әзірлеу; жүйелі бағдарламалау; жоғары деңгейдегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу
10.	Нұсқаушы-спортшы	Спортшыда Олимпиада ойындарында біріншіден алтыншыға дейінгі орынды немесе әлем чемпионаттарында біріншіден үшіншіге дейінгі орынды немесе Азия ойындарында біріншіден үшіншіге дейінгі орынды немесе Еуропа чемпионаттарында біріншіден үшіншіге дейінгі орынды немесе спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем кубогі финалдарында бірінші орынды немесе Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, Дүниежүзілік жасөспірімдер мен юниорлар ойындарында біріншіден үшіншіге дейінгі орынды иеленген, сондай-ақ басқа да маңызды халықаралық жарыстарда біріншіден үшіншіге дейінгі орынды иеленген кемінде халықаралық біліктіліктің спорт шебері спорттық атағының не халықаралық деңгейдегі спорттық біліктілігінің болуы
11.	Ұшқыш (пилот)	Өз күшіндегі ұшқыш (пилот) куәлігінің және азаматтық әуе кемелеріне рұқсатының болуы. Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, кемелің ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
12.	Ұшқыш-нұсқаушы	Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, кемелің ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға



		сәйкестігі
13.	Ұшқыш-сынаушы	Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуді, кемесін ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
14.	Ұшқыш-қадағалаушы	Арнайы даярлығы, орман қорғау саласындағы жұмыс тәжірибесінің, пирология және өрт қауіпсіздігі жөніндегі білімінің болуы
15.	Математик	Мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, жұмыс тәжірибесінің, математика, қолданбалы математика және шектес ғылымдар саласындағы халықаралық маңызды ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің болуы
16.	Ғылыми қызметкер (физика астрономия саласында) және	Мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі мен атағының, жұмыс тәжірибесінің, физика мен астрономия және басқа да шектес қызмет түрлері саласындағы өнертапқыштық немесе ғылыми еңбектеріне авторлық куәліктерінің болуы
17.	Провизор	Фармакологиялық заттар мен дәрілік шикізаттың физикалық және химиялық қасиеттері, оларды алу, тазалау, стандарттау және сапасын бақылау әдістері саласындағы аса көрнекті ғылыми зерттеулерінің болуы. Фармаэкономика жөніндегі зерттеулердің медицина мен фармацевтика саласындағы мамандарды халықаралық стандарттар бойынша инспекциялаудың және оқытудың озық әдістерін меңгеруі (GPP, GCP, GMP, GLP, GDP)
18.	Режиссер	Аса көрнекті қойылым қою деректерінің, халықаралық фестивальдарға қатысқанын растайтын атақтары мен дипломдарының, әлемнің ірі театрлары мен концерт залдарындағы жұмыс тәжірибесінің болуы
19.	Құтқарушы	Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге арнайы даярлығының, "Халықаралық сыншытағы құтқарушы" үлгісіндегі біліктілік берілген халықаралық сертификаттарының, ірі авариялық және төтенше жағдайлардың салдарларын жоюдағы жұмыс тәжірибесінің, авариялық-құтқару құралдарын қолдану жөніндегі машығы мен шеберлігінің болуы
20.	Жаттықтырушы	Халықаралық біліктіліктегі спорт шеберінен кем емес спорттық атағының, мамандығы бойынша жұмыс өтілінің Олимпиадалық ойындарда біріншіден алтыншыға дейінгі орынды иемденген жоғары білікті кемінде бір спортшыны немесе Азия ойындарында біріншіден үшіншіге дейінгі орынды иемденген бір спортшыны немесе әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, бүкіл дүниежүзілік универсиадаларда, Бүкіл дүниежүзілік жасөспірімдер ойындарында, спорттың жеке немесе ойын түрлерінде біріншіден үшіншіге дейінгі орынды иемденген спортшыны даярлау жөніндегі жұмыс тәжірибесінің болуы
21.	Мұғалім	Мамандығы бойынша жоғары санаты мен жұмыс тәжірибесінің, халықаралық сертификаттарының және мынадай мамандықтар бойынша тиісті жоғары кәсіптік білімінің болуы: математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі, информатика, жалпы тарих, мемлекеттік немесе орыс тілдерін меңгеруі, ағылшын тілін еркін меңгеруі
22.	Химик	Мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі мен атағының, жұмыс тәжірибесінің, химия, токсикология және шектес ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы
23.	Суретші	Кәсіптік білімі, жоғары көркем өнер шығармаларының, халықаралық наградалары мен атақтарының, өнертанушылардан шығармашылық мінездемесінің болуы; халықаралық көрмелерге, симпозиумдар мен конкурстарға қатысуы

24.	Пилот (авиациядағы)	Жоғары кәсіптік даярлығы мен навигация және ұшу аппаратын жауынгерлік қолдану жөніндегі шеберлігі, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуді. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
25.	Денсаулық сақтау саласындағы маман	Медицина саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және халықаралық маңызы бар ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы, сондай-ақ мамандануына сәйкес биоинформатика саласындағы биомедициналық деректерді талдаудың озық әдістерін меңгеруі
26.	Бизнес-талдаушы	Бизнес-талдау практикалары бойынша халықаралық танылған сертификатының және бизнес-процестерге талдау жүргізу мен модельдеу саласындағы мамандық бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
27.	Жүйелік архитектор	Ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттардың және бағдарламалық қамтылым архитектурасын әзірлеу мен жобалау бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
28.	Бағдарламалық қамтылым әзірлеушісі	Ғылыми дәрежесі мен атағының, мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; ақпараттық-коммуникациялық және аддитивті технологияларды қолдана отырып, зерттеулерді, әзірлемелерді, бағдарламалауды және тестілеуді қоса алғанда, бағдарламалық қамтылымды әзірлеу бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
29.	Ақпараттық технологиялар саласындағы жобалық менеджер	Ғылыми дәрежесі мен атағының, жобалық менеджмент саласындағы халықаралық танылған сертификаттарының; ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды басқару бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
30.	Робот техникасы жөніндегі маман	Мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; роботтарды бағдарламалау және модельдеу бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы
31.	Ақпараттық технологиялар саласындағы дизайнер	Мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; инфографика, виртуалды әлем бойынша дизайн саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
32.	Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман	Ғылыми дәрежесі мен атағының, мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, ақпаратты қорғау жүйелерін әзірлеу және сүйемелдеу, ақпараттық қауіпсіздікті басқару және қамтамасыз ету процесін бақылау бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
33.	Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі аудитор	Ғылыми дәрежесі мен атағының, мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; ақпараттық қорғау объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік аудитін жоспарлау және бақылау талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізу бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
34.	Ақпаратты қорғау жөніндегі инженер	Ғылыми дәрежесі мен атағының, мамандығы бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификатының; ақпаратты қорғау жүйесін әзірлеу мен сүйемелдеу, ақпаратты қорғау құралдарын орнату, күйін келтіру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
35.	Жоғары орындарының оқытушысы	Тиісті саладағы кемінде магистрдің академиялық дәрежесінің, әлемдік академиялық рейтингтердің алғашқы 100 (жүз) қатарына кіретін жоғары оқу орындарында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
36.	Ғылыми қызметкер (білім беру)	Ғылым докторы ғылыми дәрежесінің және халықаралық маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарының және ізденістерінің, халықаралық танылған ғылыми



	технологиялары, инженерия, жобалық басқару, аграрлық ғылымдар, медицина, биотехнологиялар, ақпараттық технологиялар, қаржы және экономика салаларында)	институттарда, зертханаларда және әлемдік академиялық рейтингтердің алғашқы 100 (жүз) қатарына кіретін жоғары оқу орындарында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
37.	Биоақпарат, молекулалық биотехнология мен биоинженерия саласындағы маман (генетика, цитология, жануарлар өсімдіктердің селекциясы)	"Биоинженерия мен биоақпарат" саласындағы ғылым докторы ғылыми дәрежесінің немесе магистрі академиялық дәрежесінің; геномды диагностика, гендік инженерия, трансгеноз бен биотехнология әдістерін игеру бойынша біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификаттының; халықаралық танылған ғылыми институттарда немесе зертханаларда немесе жоғары оқу орындарында зерттеулерді жүргізуде, биологиялық объектілер, салыстырмалы геномикада компьютерлік талдаудың математикалық әдістері бойынша ақпараттың үлкен ауқымын өңдеу және кейіннен талдау жүргізуде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің, сондай-ақ алгоритмдер мен бағдарламаларды әзірлеуде (мағынасы ашылған геномдар, биомолекулалардың кеңістікті құрылымдары, биологиялық объектілердің өзара іс-қимылы) жұмыс тәжірибесінің (осы тармақта жоғарыда аталған көлемде және талаптарда) болуы
38.	Агроөнеркәсіптік кешенді модельдеу жүйелерін мониторингтеу және цифрландыру саласындағы маман	Қазіргі заманғы геоақпараттық жүйелер және әртүрлі дереккөздерден алынатын ауқымды деректер саласындағы мамандығы бойынша біліктілікті растайтын халықаралық сертификаттарының; объектінің орналасқан жері туралы, географиялық және экологиялық ерекшеліктері, белдерінің пішіндері, топырақ, өсімдіктер, гидрология туралы деректерді жинау және талдау бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; қапшықтықтан басқарылатын автоматтандырылған ауыл шаруашылығы құралымдарын құра білуі
39.	Автоматтандыру және басқару саласындағы маман	Ғылыми дәрежесі мен атағының, біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификаттының, табиғи ресурстарды, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімнің айналымын, жануарлар және өсімдіктер әлемінің қорғалуын, молаюы мен пайдаланылуын мониторингтеуді автоматтандырудың бақылау және басқару жүйелері мен құралдарын алгоритмдік, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау мен қолдану бойынша; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мониторингтеу бойынша, табиғи ресурстарды, автономды жүйелерді, адамды энергияны, материалдар мен ақпаратты алу, өңдеу, беру және пайдалану процесіне тікелей қатысудан ішпана немесе толық босататын технологиялық желілер мен процестерді пайдалану және қорғау саласында есеп жүргізу бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы
40.	Ауыл шаруашылығы машинасын жасау, техниканы GPS көмегімен басқару саласындағы маман	Ғылыми дәрежесі мен атағының, біліктілігін растайтын халықаралық танылған сертификаттының, 3D модельдеуді пайдалану бойынша және ауыл шаруашылығы машиналарын жобалау мен жасау кезіндегі цифрлық бағдарламалық басқару, робот техникасын қолдану және GPS-басқарумен ауыл шаруашылығы машиналарын жасау бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы

2) «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес талап етілетін кәсіп иелеріне;



Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің ТІЗБЕСІ

Білім беру саласының атауы	Ұлттық сыныптауыштың 01-2017 қызметтердің тобы	Кәсіптің атауы
Денсаулық сақтау	2217-4-001	Дәрігер-нейрохирург
	2211-7-002	Дәрігер-гематолог
	2211-7-004	Дәрігер-онколог
	2215-2-002	Дәрігер-неонатолог
	2212-1-001	Дәрігер-эндокринолог
Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	2145-9-005	Органикалық емес заттар технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2145-9-006	Органикалық заттар технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2145-9-007	Фармация инженер-технологы
	2146-9-006	Пайдалы қазбаларды дайындау жөніндегі инженер-зерттеуші
	2144-4-023	Авиациялық инженер
	2144-5-003	Ғарыш жүйесін аппараттық-бағдарламалық қамсыздандыру жөніндегі инженері
	2149-9-001	Жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі инженер
	2149-9-002	Лазерлік жабдық жөніндегі инженер
	2149-9-011	Целлюлоза, қағаз, полиграфия және талшық өндірісі технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2149-9-012	Инженер-медициналық радиохимик
	2149-9-013	Инженер-медициналық физик
	2149-9-015	Тоқыма шикізатының классификаторы
	2131-5-001	Бактериолог
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	2521-2-001	АТ инфрақұрылымының архитекторы
	2511-3-001	Бағдарламалық қамсыздандыру архитекторы
Педагогикалық ғылымдар	2338-1-001	Өндірістік оқыту шебері (инженерия және инженерлік іс)

3) Тұрақты тұратын немесе азаматтығы бар елде тіркелген және жұмыс істеп тұрған бизнесі бар азаматтарға.



«Ата жолы» картасын ұсыну туралы өтінішті

«Құтты мекен» мобильдік қосымша

немесе шетелдегі Қазақстан Елшіліктері,  
облыстық жұмыспен қамтуды және әлеуметтік  
бағдарламаларды үйлестіру басқармасы және

Отандастар қоры арқылы өтініш бере аласыздар.



**OTANDASTAR  
QORY**

ҚҰТТЫ  
МЕКЕН

ООНАО



Добро пожаловать!



Присвоение или  
продление статуса  
қандас

Заполнить заявку

Гражданам  
Казахстана



Иностранным  
гражданам



Популярные услуги



Внутренние переселение

В Республике Казахстан

Скоро будет доступно



Работники по востребованным  
профессиям

В Республике Казахстан



Главная



Профиль



**Өтінішпен қоса келесі  
құжаттарды тапсырасыздар:**


---







- жоғарыда аталған санаттардың біріне сәйкес келетін мамандығын дәлелдейтін дипломмен сертификаттар және азаматтығы бар елде жұмыс істеп тұрған бизнесі растайтын құжаттарды, нотариалды куәландырылған аудармасымен;





- жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлты жазылмаған жағдайда, этникалық қазақтар шыққан елдің арнаулы органдарынан алынған ұлтын растайтын ресми анықтамалық құжат;



EMBASSY OF MONGOLIA  
CONSULAR DIVISION  
ASTANA

СПРАВКА

К-07/23/51

Консульский отдел Посольства Монголии в Республике Казахстан подтверждает на основании удостоверения личности что гражданин ~~XXXXXXXXXX~~, 05.02.1997 г.р., является по национальности **казахом**.

Справка выдана для предоставления по месту требования.

г.Астана, 20 июля 2023 года



Монгол Улсаас Елшілігі  
Астана ЭСЯ  
Mongolian Embassy in  
Republic of Kazakhstan



---

Қосымша сұрақтар бойынша Отандастар қоры жанындағы  
Қандастарды ақпараттық қолдау орталығының байланыс нөмірлеріне  
хабарласыңыз!

---

- 1404 барлық қазақстандық мобилді операторлар үшін тегін;
- 8 701 000 1404 Telegram, WhatsApp мессенджерлері арқылы онлайн;
- 8 800 080 1404 Қазақстан бойынша қалалық номерлерден тегін;
- 8 7172 743726 ҚР Еңбек және халық әлеуметтік қорғау министрлігінің  
Этникалық көші қон мәселелері бойынша басқарма басшысы;
- 8 7172 981404 шет елден сол елдің байланыс операторының төлем  
мөлшері бойыншанемесе [komek@oq.gov.kz](mailto:komek@oq.gov.kz) электронды поштасына  
өтініш-сұрақтар қабылданады.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**